

## Жоғары оқу орындарының студенттері арасында бокстан екінші әлем чемпионатын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 13 қыркүйектегі N 265-ө  
Өкімі

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 2 - 9 қазан кезеңінде Алматы қаласында жоғары оқу орындарының студенттері арасында бокстан екінші әлем чемпионатын (бұдан әрі - әлем чемпионаты) өткізу туралы ұ с ы н ы с ы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Қоса беріліп отырған әлем чемпионатын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі және Алматы қаласының әкімі Алматы қаласында әлем чемпионатын дайындауды және өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі әлем чемпионатын дайындау және өткізу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі әлем чемпионатына қатысушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге жәрдем көрсетсін.

6. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы қаласында қоғамдық тәртіпті, ресми адамдар мен әлем чемпионатына қатысушылардың тұратын және жарыстар өткізілетін орындардағы қауіпсіздігін, әлем чемпионатына қатысушы шетел азаматтарын қонақ үйлерде тіркеуді қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шақыруы бойынша Қазақстан Республикасына жіберілген әлем чемпионатына қатысушы шетел азаматтарына визалық қолдау көрсетсін және визалар беруді жүргізсін.

8. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі ұйымдастырушылар ұсынған әлем чемпионатына қатысушылардың жолға шығу кестесіне сәйкес әлем чемпионатына қатысушылардың темір жол және әуе көлігінде жол жүруі үшін орындарды броньдауды қамтамасыз етуге жәрдем көрсетсін.

9. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің

бекітілген

**Жоғары оқу орындарының студенттері арасында бокстан  
екінші әлем чемпионатын дайындау және өткізу жөніндегі  
ұйымдастыру комитетінің құрамы**

- Әйтимова - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым  
Бірғаным Сарықызы министрі, төрайым
- Құлназаров - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт  
Анатолий Қожекенұлы министрлігі Спорт комитетінің төрағасы,  
төрайымның орынбасары
- Бөкенов - Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары,  
Қайрат Ахмадиұлы төрайымның орынбасары
- Нұрғожин - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
Марат Рахмалыұлы министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан  
кейінгі білім департаментінің директоры,  
төрайымның орынбасары
- Алпысбаев - "М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік  
Серік Айтақынұлы және коммуникация академиясы" акционерлік  
қоғамының президенті
- Әбішев - "Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық  
Әли Әжімұлы университеті" акционерлік қоғамының  
президенті
- Ашляев - Қазақстан Республикасы әуесқой бокс  
Қазбек Сопыжанұлы федерациясының бірінші вице-президенті
- Есполов - Қазақ ұлттық аграрлық университетінің  
Тілектес Исабайұлы ректоры
- Закириянов - Қазақстан Республикасы университет-  
Қайрат Хайроллаұлы терінің ұлттық спорттық одағының  
президенті, "Қазақ спорт және туризм  
академиясы" акционерлік қоғамының  
президенті
- Қожамқұлов - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
Төлеген Әбдісағиұлы университетінің ректоры
- Қошаев - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
Марат Нағашыбекұлы министрлігі Дене тәрбиесінің ұлттық  
ғылыми-практикалық орталығының бас  
директоры

Құттыбаев - Қазақстан Республикасының студенттік  
Қанатбек Әбдәлімұлы ұлттық бокс федерациясының президенті,  
"Қазақ спорт және туризм академиясы"  
акционерлік қоғамының вице-президенті  
Сүлеев - Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық  
Досым Қасымұлы университетінің ректоры

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК